

Халықаралық Әйелдер Бейбітшілік Тобы IWPG Global Region 10

IWPG 10-Global Region PLTE курсы онлайн бітіру 6- рәсімі өтті.

Ағымдағы жылдың 7-ші желтоқсанында Халықаралық әйелдер бейбітшілік тобы (IWPG) 10- Жаһандық регионның директоры Хва-джонг Ким 6-шы PLTE (Peace Lecturer Training Education) курсы бітіргенін растайтын Сертификаттарды онлайн тапсыру рәсімін өткізді. Іс-шараға Оңтүстік Корея, Жапония, Мексика, Түркия, Үндістан, Қазақстан, Бразилия, Солтүстік Македония және Конго Демократиялық Республикасынан, яғни, 9 елден 200-ден астам әйел қатысты. PLTE – бұл жаһандық деңгейдегі күшейіп келе жатқан соғыс дағдарысының салдарларын еңсеруге арналған IWPG білім беру бағдарламасы. Ол бейбітшілік туралы ақпаратты тарату бойынша кешенді іс-шараларға қатысу арқылы, ананың риясыз сүйіспеншілігі мен әйелдердің бірегей күшін пайдалана отырып, балаларды қақтығыстардан қорғауға бағытталған.

Бұл іс-шараның екінші бөлімінде IWPG Бейбітшілік Комитетінің Қазақстандағы Өкілі болып Сәуле Хожамуратова тағайындалды. Ол Елі және өзіне көрсеткен жоғары сенім үшін шын жүректен алғыс білдіріп: "IWPG Халықаралық әйелдер бейбітшілік тобының дүниежүзілік бітімгершілік қызметі Қазақстанның бейбітшілік саясатына түспа-түс келеді", - деп өз сөзін аяқтады.

Одан соң IWPG және мексикалық Creadoras de Futuro A. C. ұйымымен бірлескен бейбітшілік тәжірибесін ілгерілету мақсатында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті.

IWPG бүкіл әлем бойынша әйелдердің бейбітшілік білімін кеңейтуді жәнәтұрақтыбейбітшілікке қол жеткізу үшін ынтымақтастықты нығайтуды жалғастыруды жоспарлап отыр.

IWPG туралы

IWPG – Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінде (ECOSOC) және Жаһандық Коммуникациялар Департаментінде (DGC) тіркелген үкіметтік емес жаһандық әйелдер ұйымы. Оның 122 елде 114 филиалы және 66 елде 730-дан астам ұйыммен серіктестігі бар. IWPG тұрақты жаһандық бейбітшілікті орнату мақсатында жұмыс істейді. Оның бастамалары ынтымақтастықты таратуға, бейбітшілік мәдениетін насихаттауға және Соғысты тоқтату туралы Декларацияны (DPCW) заңды күші бар халықаралық құралға айналдыруға бағытталған.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні

*Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімің керегесі.
Татту-тәтті боп халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.*

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, намысымызды оятқан, әлемге қазақты рухы биік халық ретінде паш еткен Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Баршаңызға ашық аспан, шат-шадыман қоңіл тілейміз. Әрбір азаматтың қажырлы еңбегінің арқасында сүйікті Отанымыз гүлденіп, көркейе берсін! Желтоқсанның екпінмен келген Тәуелсіздіктің маңызы қашан да зор болмақ. "Толарсақтан саз кешкен" батыр бабаларымыздың қанымен, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарымен, апаларымыздың көз жасымен жеткен Тәуелсіздікті әрқашан қастерлей білуге тиіспіз.

Бұл - біздің азаматтық парызымыз бен борышымыз. Көк байрағымыз лайым бейбіт аспан астында желбіреп тұрсын! Қазақ елінің тәуелсіздігі мәңгі болсын! Ата-бабамыз гасырлар бойы армандап кеткен тәуелсіздікті көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы бір бақытымыз баянды болғай! Азат елдің тәуелсіздігі тұғырлы болсын!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай шын жүректен білдірген ыстық ықыласызды қабыл алыңыз! Бұл - ата-бабамыз аңсаған арманың жүзеге асқан күні. Осындай маңызы жоғары тарихи мерекеде еліміздің туы көкте қалықтасын, қазақ елі көркейе берсін демекпіз.

Ізгі тілекпен "Еркін и К-XXI" ЖШС ұжымы

Желтоқсанның ызғарлы күндері...

Желтоқсанның ызғарлы күндері — қазақ халқының жүрегінде мәңгілік із қалдырған оқиғалармен есте қалған. Сол бір қаралы күндерде қаншама боздақ қыршыннан қиылып, қанаттары қайырылды. Осы бір ауыр күндер мені қатты толғандырады. Менің жас күнімнің көрінісі Желтоқсан оқиғаларымен түспа-түс келген.

Біз, Өскемен Құрылыс-Жол институтын оқып жүрген кезімізде 1985-90 жылдары Өскемен қаласында студенттерді қоса санағанда қазақтар саны 9,8%, ал Шығыс Қазақстан олысы бойынша 27% болатын. Біз оқып жүрген институтта қазақ мұғалімдер 8,5% болатын. Әрине мұндай нәрсе Қазақстанның оңтүстік өңірінен оқуға келген жастарға әрекше әсер қалдырды. Біз, алғашқыда басқа елге келгендей болдық.Өзімізді тек студенттер қалашығындағы жатақханалар аумағында еркін, өз елімізде жүргендей сезіндік. Қаладан кештеу қайтсаң толған автобус ішінде көп болса 4-5 қазақ ұлттының студенті болатынбыз және өзара қазақ тілінде сөйлесені айналадағы орыс ұлтының өкілдері «мемлекеттік тілде сөйле», «вы что там на французском звездите»- деген сияқты ескерту жасап тиісіп өктемдік танытатын. Бұл жағдай 1986 жылғы «Желтоқсан» көтерілісінен кейін ғана су сепкендей басылды. Мұндай жағдай бізге, қазақтар көп тұратын жерлерден келгендерге ерекше көрінетін. Оның үстіне алғашқыда оқу да оңай болмады. Себебі он жыл қазақша мектепті

қазақша емтиханмен бітірдік, одан институтқа түсу үшін емтиханды қазақша тапсырып түстік, ал одан кейін лекция да, қалған практикалық сабағы да барлығы бірден орысша басталды. Лекцияда не жазып үлгеру керек, немесе мұқият тындап отыру керек болды. Бір сәтте әрі тындап, әрі жазып отыру алғашқыда қиын болды.Оңтүстіктің жігіттері жыл сайын жерлестік басқосулар өткізіп тұрдық, бір бірімізбен танысып. Алғаш кезде 60-70 жастар (студенттер мен жұмысшы жастар) жиналып дастархан жайсақ кейіннен 90-жылдары 200 адамнан асатын болдық. Бітіріп жатқан 5-курс жігіттері 4-ші курстың 5 студентін сайлап келесі жылдың басқосуын тапсырып кететін.

Мұны айтып отырған себебім 1987 жылы жаз айында біздің «Жол жүрісін ұйымдастыру» кафедрасында сабақ беретін Қиялбаев Әбді деген мұғалімімізбен қоса төрт жігіт болып, бір ауылды жерде кірпіш құйып ақша табу үшін жаздай жұмыс жасаған едік. Бірде түнде киіз үйдің ішінде жатып Әбді ағайыммен қазақтың тағдыры туралы таң атқанша әңгімелесіп шықтық. Әбді Талдықорған облысының жігіті еді, Мәскеуге аспирантураға оқуға баруға дайындалып жүрген болатын. Сонымен екеуміз күзде Талдықорған мен Шымкенттің белсенді деген жігіттерімен бас қосып, дастархан үстінде таныстырып, сонан соң екі облыс жігіттері басқа облыс жігіттерімен (Шымкент-Өскемен,Талдықорған-Семей)кездесіп, танысып қазақтар мәселесін талқылауды жоспарладық. Бір

күні,1987-88 жылдың қыс айлары болу керек, маған Әбді ағамыз Мәскеуден қолма-қол бір үлкен, қалың конверт беріп жіберіпті. Ашсам ішінде хаты бар екен, оған қоса суреттер, «самоиздат» мақала Таулы Карабах жайында. Хатында Мәскеудегі қазақ жастары Мұхтар Шаханов пен Олжас Сүлейменов ағаларымызбен кездескені туралы, екеуміздің киіз үйде жатып қазағымыз туралы таңға дейінгі әңгімеміз туралы, сөзінің аяғында қазақтың намысы үшін үш мәселені орындау керек деп аманат ретінде тапсырыпты. Бірінші-желтоқсан көтерілісі бойынша Мұхтар ағамызға, екінші-Олжас ағамызға Семей полигонын жабуға көмектесу, соңында үшіншісі- қазақ тілі мәселесі бойынша жұмыс атқару болды. Хатты да әдемі әдеби тілде, намысымызға тиетіндей етіп жер жазып бергендей жететіндей жазған екен. Содан жақын деген жолдастарымызды жинап талқыға салып, неден бастаймыз, не істейміз деп бірнеше рет жиналып,өзімізше асықпай біртіндеп қолдан келерінен бастадық. Арамызда басым көпшілігі өзіммен бір немесе қатар группада оқитын жігіттер болды: Омаров Қанат, Сахиев Марат, Байқадамов Алматы, Залиев Серік, Досқараев Жахия, Шыныбеков Ташкенбай, Қозыбаев Серік, Бельгубаев Төлеухан, Абдрахманов Тахир, Қондыбаев Болат, Тасқынбаев Базарбек,Таенов Алтай, Абдреев Нурлан одан бөлек Қалтаев Сәду, Дүйсеков Мейірбек және жатақханадағы да белсенді жігіттер болды.

Жалғасы 2-ші бетте

Желтоқсанның ызғарлы күндері... жалғасы

Бірінші болып Өскемен педагогикалық институты мен Өскемен жол-құрылыс институтымен қосылып қазақ тілі қоғамын аштық. Қазақ тілі қоғамымыздың тең төрағасы сайланды (біздің институттан мені тең төрағаның бірі ретінде сайлады), әрине мүшелеріміздің басым көпшілігі педагогикалық институтынан болды. Біздің институт техникалық жағынан, оның үстіне ұлдар болғасын мүшеміз аз болды. Құрған қоғамымыз біршама жұмыстар атқарды: қазақ тілінен тегін сабақтар өткізілді, үйлену тойы, бесікке салу сияқты көріністерді «Наурыз» сияқты қала деңгейіндегі мерекелерде көрсетіп жүрдік, қазақтың ұлттық киімдерінің бәрі пед. институтынан шықты. Дайындықтарымыздың (репетиция) барлығы пединституттың жатақханасының 8 қабатындағы кең дәлізінде (вестебюльде) өтетін, сонынан Шымкенттік «Дәрібаевтар» ансамблінің қазақша орындауында үлкен қатты дауыс беретін құрылғымен (колонка) би (дискотека) кеші болатын.

Екінші кіріскен жұмысымыз институтымызда «Невада-Семей» комитеті болды. Біздің институттың «Невада-Семей» қозғалысының комитетінің төрағасы болып мен сайландым. Әбді ағамыздың Мәскеуден жіберген Семей полигонындағы жарылыстардың көрінісі, оның салдарынан жапа шеккендердің және кеміс туылған балалардың суреттерінен екі стенд жасап институттың бірінші этаждағы кірген беттегі вестибюльге қойдық. Институт студенттерінен Семей полигонындағы жарылысты тоқтатып полигонды жабу туралы талап қойылған хат жазып КСРО Жоғарғы Кеңесіне 2500 қол жинап жібердік, сонынан толықтырып Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне 4500 қол қойылған хат жолдадық. «Невада-Семей» қозғалысының Алматыда өткен екінші конференциясына және «Невада-Семей - врачи мира за безядерный мир» халық аралық конгресіне барғанда Шығыс Қазақстан облысының «Невада-Семей» қозғалысының басшысы Садықов Жәніс Айтмұханұлы мені Мұхтар Шахановпен таныстырды. Мұхтар ағамызға Өскеменде де шамамен 500 дей жастардың көтеріліп көшеге шығып орталық алаңда облыстық коммунистік партия ғимаратының алдының бейбіт шеру өткізгенін, бірақ қайтар жолда Ушанов алаңына келгенде милиция қызметкерлері қоршап, тап беріп жаппай ұстап қамауға алғанын және оларды оқу орнынан, жұмыс орнынан шығарғанын жеткіздім. Ол бойынша Өскеменде барлық студенттік және жұмыскерлер жатақханаларын аралап оқу мен жұмыстан шығарылғандардың тізімдерін дайындап жатқанымызды айттым. Ең бастысы сол кезде педагогикалық училищесінде бір қыздың секіріп мерт болғаны туралы мәлімет бар екенін жеткіздім. Бұл жұмыстар ол кезде ең қиыны болды және желтоқсан туралы сұрағанда елдер сескеніп қарайтын, сондықтан алдындағы «қазақ тілі» қоғамы мен «Невада-Семей» қозғалысының жұмыстарымен қатар жүргізіліп отырды. Мұхтар ағамызға жиналған құжаттарды толықтырып тапсыратын болып уәделесіп қайттым. Өскеменге келгесін педучилище жатақханасында болған оқиға бойынша мүмкіндігіміз жеткенше толығырақ мәлімет жинадық. Мәлімет бойынша 1986 жылы 22- желтоқсанда Өскемен қаласында оқу орындарының студенттері мен жұмысшы жастар Алматы қаласында 16-17 желтоқсанда болған көтерілісті естіп көшеге шығып орталық алаңнан өтіп бейбіт шеру өткізген. Сол күні педучилищенің екі топтасып қолдау жасап сабаққа шықпаған және шеруге қатысқан болуы керек. Өскеменде сол кезде шұғыл жиналыстар өткізіліп оқудан және жұмыстан шығару жаппай орын алып жатқан. Барлық қала жұмысшы жатақханаларының «красный уголок» бөлмелерінде 40-50 адамдардан құралған топтар кезекшілікте отыратын. Сол кезде педучилище оқушысы Сабира Мұхамеджанованың да шешесін ауылынан шақыртып аудандық партия комитетіне шақыртып «тәрбиелік» мәні бар әңгіме(беседа) жүргізеді. Сол «әңгімеден» кейін жер жөбіріне жеткен сөздерден кейін, ұлттық ар-ожданы тапталған жасөспірім қыз, намыстан, шарасыздықтан өргеніп, қорлық пен әділетсіздікке шыдамастан жатақханаға жақындағанда анасынан бұрын бесінші қабатқа жүгіріп көтеріліп, өз бөлмесінің терезесінен секіріп өз өмірін қияды. Осы жерде айта кететін нәрсе 1990 жылы «Литературная газета»-бүкілодақтық газетіне:

«Народный депутат СССР Мұхтар Шаханов налево направо раздает мондаты и ищет невинных жертв декабрьских событий 1986 года»-деп екі журналист (біреуінің аты Янелис деген болатын) сынап мақала жазған екен. Бұл газетті маған институттың мұғалимасы берген болатын. Мақаланы оқып шығып, ашуланғным сонша, мақаланың әр абзацына Өскеменде де тура Алматыдағыдай көтеріліс орын алғанын келтіріп, оның үстіне бір студенттің өлімі орын алғанын көрсетіп литературная газетасына «Ашық хат» жолдадым. Хаттың соңында: «Если вы такие объективные журналисты, то нужно было представить только имеющиеся факты, а народ не глупый, сам бы разобрался»-деп аяқтап жолдаған едім. Хаттың қолдан жазылған екінші көшірмесін Кентаудан үйден Өскеменге қайтып бара жатқанда «1986-Желтоқсанға» арналып құрылған адам құқығын қорғау комитетіне Алматы қаласына апарып тапсырдым. Сол кезде Мұхтар Шаханов ағамыз да кіріп қалды, ашық хатпен танысып 10 минуттан кейін қайта кіріп келіп қолымды алып қайта танысып кім екенімді, қайдан екенімді сұрады. Сосын: «Бұл жігітке мандат беріндер, құрбан болған қыз туралы, қалған мәліметтерді жинауға»-деп еді, мен: «Қажеті жоқ аға, былайша да жинай беремін»- деп едім ойымда мақаладағы сынды еске түсіріп, ол кісі: «Онда жинағынша жинап жібер, мен сосын адам құқығын қорғау комитетінің мүшелерін жіберем қосымша»-деді. Өскеменге жеткеннен кейін педагогикалық орта оқу орнының (училище) директорына барып, орыс кісі екен, өзімді таныстырдым: «Я студент 5-го курса УК СДИ скоро приедут представители комитета защиты прав человека созданный по расследованию декабрьских событий 1986 года, я собираю предворительную информацию. Что Вы можете пояснить по поводу смерти студентки Мухамеджановой Сабиры?»-деген кезімде түрі бұзылып кетті. Ол кісі Сабира туралы теріс мінездеме бере бастады: «ол орташа оқыған, отбасы нашар, бұрын суецид болған, өзі де психикалық ауытқуы болуы мүмкін, сондықтан осындай жағдайға барған»-деген сөздер айтып, жазбаша түрде түсініктеме берді. Сонан соң менің сұрауым бойынша бір аудитория беріп Сабираға сабақ берген мұғалімдерді жинап берді. 10-12 мұғалімдер дәлізде күтіп кезекпен кіріп түсініктерін жазбаша түрде берді. Барлығының түсініктері сол директордың түсініктемесіне шамалас болды, бірақ бәрінің бір қорқыныш үрейлері бар еді. Қазіргі таңда ойлансам таң қаламын, мені 5-ші кур студентімін деп студенттік қызыл құжатымды көрсеткендегі үрейлері, қорқынышы болды. Егер Сабира дәл солар айтқандай болса, ешнәрседен қорықпай мені кімсің деп қуып шығуына болар еді. Айтқандары шындық болмағасын солай болды, егер нағыз тергеу болғанда Сабираны өзін-өзіне қол жұматуға жеткізгені үшін аудандық партия қызметкерлерінен бастап қылмыстық жауапқа дейін тартуға болар еді. Желтоқсан бойынша барлық жиналған мәліметті Алматыға беріп жібердік.

1991 жылдың көктемінде Өскемен қаласына облыстық «Азат қозғалысының» құрылтай жиналысын өткізуді Уақов Қабидолла Құсманұлы деген Павлодарлық жолдасыммен күпия түрде ұйымдастыруға тура келді. Ол құрылтайға Алматыдан «Азат қозғалысының» тең төрағасы Советқазы Ақатаев пен «Азат» газетінің бас редакторы Батырхан Дәрімбетовтерді шақырған едік. Алдында құрылтайды Жол-құрылыс институтында өткіземіз десек Баталов Ю.В. деген ректорымыз институттан шығарамыз деп сәлем айтып жіберіпті. Жатақханада өткіземіз десек, жатақханадан шығарам депті. Мен институттың профкомында народный контролін басқаратынымын. Профком арқылы жеткізетін хабарды. Сонан соң далада стадионда сағат 15:00де өткіземіз деп жария жасадық бәріне. Айтылған уақытта 100-ден астам адам жиналды. Ал бастаймызба деген кезде Қабидолла екеуіміз жиналыстың Педагогикалық институтында арендасы төленіп қойған үлкен лекция жүргізетін аудиторияда болатынын жариялап, бәріміз сонда тарттық. Сәбетқазы мен Батырхан ағаларымыз оларға да айтпағнымызға таң қалды. Құрылтай өте жоғары деңгейде өтті. Соңында Құрлыс-жол институтының студенті Жамбыл облысының тумасы, Өскеменде желтоқсанда шерудің алдыңғы қатарында жүрген Қалтаев Сәду деген досымыз Желтоқсанда қаза болған барлық қазақ қыздарына

шығарған «Желтоқсанда ұшқан қарлығаштар»-деген өлеңін оқып берді. Жиналған халықтың Сәбетқазы мен Батырхан ағаларымыздан бастап көзіне жас алмаған адам қалмады. Талай аты-жөні «белгісіз» жағдайда жоқ болып қыршын кеткен қазақтың ұл қыздары болды, солардың жаны жәннатта болсын. Тарих құпиялары әлі ашылады болашақта.

ЖЕЛТОҚСАНДА ҰШҚАН ҚАРЛЫҒАШТАР !

**Желтоқсанның соққан қарлы бораны,
Кең даламды ақ түтікке орады.
Аш дауылдан тартып өмір азабын
Топ қарлығаш қайда ұшып барады.**

**Назар салмайызғарға да, қарға да,
Қарап тұрдым түсіне алмай тандана.
Желтоқсанның боранына қарсы ұшқан
Топ қарлығаш сені айдаған ажал ма !**

**Көзім шалды, құлады өне қарлығаш,
Қыздай әсем ала бауыр талдырмаш.
Шыдай алмай көмекке мен жүгірдім,
Кеш қалдым-ау, көміп қалды қар алғаш.**

**Желтоқсанда қанша канат қайрылған
Қаншама күс серігінен айрылған.
Мөлдіреген қарақат көзжанарлар,
Сескенсеңдер неге ұштыңдар айбыннан.**

**Сапарларың болмады-ау деп оңынан,
Қан аралас қарды көріп түніле
Мен де кеттім қарлығаштар соңынан.
Жанарлардан төгілген жас мың кесе,
Көзден ғайып көзіне ешкім ілмесе.
Жете алды ма ұшқан құстар мұратқа
Біле алмадым, қарлы боран білмесе.**

**Құс қазасын халық қалай білмеді,
Көктем келіп, бәйшешектер гүлдеді.
Гүлге айналып кеттіңдер ме, құстарым,
Қарлығаштар-Желтоқсанның гүлдері.
Сәду НАРТАЙҰЛЫ.**

1986-1991 жылдар арсында да, егемендік алғанша да Өскеменнің сепаратис, шовенисттері елді дүрліктіріп қоймады. Тіптен облыс бірігіп Семейден қазақтар келіп саны көбейсе де шовенистер Ресейге қарайлап баяғы империясын аңсап жүр әлі. Сол 90-жылы өзімізге научный коммунизмнен сабақ беріп жүрген Н.Собалин деген мұғаліміміздің «Импульс» деген облыстық жастар газетіне жазған мақаласымен танысып екі «жол қозғалысын ұйымдастыру» топтасымыз ашық жиналыс өткіздік. Мақаласында: «Восточный Казахстан исконно русские земли, «чала казаки(полукиргизы)» появились в 30-х годах XX века»-деп жазған екен. Собалиннің өз мақаласын талқылаудан қашқақтағанына көнбей жиналысқа ректор, білім жөніндегі проректор, партком, комсомол комитеті мен профком басшылары, барлық декандар мен кафедра меңгерушілері және сол күні Алматыдан орталық компартиядан бір лектор келген болатын, ол да қатысты. Студенттер екі группада 50 жастар, оның әр группасында жеті студент қазақ ұлтынанбыз, бірақ бәріміз ұлтымызға қарамай өте силасып тату болдық, қалада тұратын және жатақханада тұратын орыс ұлтының группалас қыздарына қорған болып, тіптен үйлеріне барып ата анасымен шәй ішіп танысып жүретінбіз. Сонымен алдында Н.Собалин жиналысқа қарсы болып еді партком, комитет комсомола мен профком араласқаннан кейін сабақ біткесін жиналыс өткізуге келісуге мәжбүр болды. Сол арада екі жігітімізді үш сағатқа пед. институттағы тарихшы мұғалімдерге көмек сұрап жіберіп алдық. Мен жиналысты ашып бізге научный коммунизмнен сабақ беретін мұғаліміміз Н.Собалиннің «Импульс»-деген облыстық жастар газетіне шыққан мақаласын талқылайтынымызды айтып Н.Собалинге сөз берілді. Оған қойылған сұраққа, ол екі кітапқа сүйеніп жазғанын айтты. Сонан соң біздің екі студентіміз кезекпен Шығыс Қазақстан өлкесінің тарихы туралы алып келген он кітап бойынша қысқа да нұсқа лекция оқығандай болды. Он кітапты пед.институттың мұғалімі жақсылап дайындап берген екен, ішінде Собалин сүйеніп жазған екі кітабы да бар екен, тарихты бұрмалағаны бәріне айдап ашық болды.

Собалиннен мен: «Сіз мақалаңыздың соңында «тарих ғылымының кандидаты»-депсіз, кандидаттықты қандай тақырыпта қорғдыңыз?»-дегенде, ол «Риддер комбинатының партия ұйымының тарихы бойынша»-деп жауап берді. Мен жиналысты қортындылап, « мұндай өлкетанушы (краевед)-емес «тарихшы» жастарды шатастырып ұлт арасына іріткі салып отырған адам жастарға тәрбие бере алмайды, бізге мұндай адамның сабақ бергенін қаламаймыз, онымен қоса мұндай адамды партиядан да шығару керек»-деп институт басшыларына ашық екі талап қойды. Оның алдында Н.Собалин өз мақаласына «оправление беремін»-деп сөз берді. Жиналыста басшылардан ешкім сөйлемеді, парторг жалпы сөздер айтқан болды. Бұл мақала

бойынша институтымызда тарихшылар шақырып 5 дөңгелек сол өткіздік, Ғылым академиясына барып академик-тарихшы Манаш Қозыбаевпен де кездесуге тура келген, Собалин сабаққа келсе 50 студент тұрып аудиториядан шығып тіке ректорға баратын болды. Соңында «ар-намысымызды қорлады»- деп 30 студент болып Собалинді сотқа беруге барсақ: «Коллективтен қабылдамаймыз»-деген соң менің атымнан сотқа талап – арыз тастадық. Содан собалин 1991жылы біз диплом қорғап біткенше «инфаркт алдым»-деп ауруханаға жатып алды. Н.Собалинді сырттай оқытатын факультетіне ауыстырған екен дегенді естідік. Ал «Импульс» газеті Н.Назарбаев Өскеменге келіп халықпен кездескенде бір паракқа 4-5 қатар сөз

жазып 50-60 жастар қол қойып: «Областная газета «Импульс» из молодежной газеты превратилась в рупор сепаратистский настроенных элементов...»-деп жазып мен ашық түрде алдымдағы адамдардан Н.Назарбаевқа беріп жібердім. Қолына алып дауыстап басын оқып, аржағында ұлт аралық мәселеге тоқтап өтті. Ал газет бір айға жетпей жабылып кетті.

Тәуелсіздік — ұрпаққа аманат. Осы аманатты сақтау және қадірлеу — әрбір азаматтың парызы

ТАЛҒАТ ИМАНКУЛОВ

Первичная медико-санитарная помощь

Первичная медико-санитарная помощь (ПМСП) — это базовый уровень медицинской помощи, доступный каждому человеку. Она является ключевым элементом системы здравоохранения, направленным на улучшение здоровья населения и предотвращение болезней.

Основной целью ПМСП является обеспечение доступной и качественной медицинской помощи на этапе, ближайшем к месту проживания или работы пациента.

К основным задачам ПМСП относятся:

- Профилактика заболеваний:
- Вакцинация
- Скрининговые программы
- Пропаганда здорового образа жизни

2. Диагностика и лечение распространенных заболеваний: ПМСП обеспечивает раннее выявление и лечение заболеваний, таких как инфекции, хронические болезни (гипертония, диабет).

3. Наблюдение за хроническими пациентами: Пациенты с хроническими заболеваниями находятся под постоянным контролем, что позволяет предотвращать осложнения.

4. Материнство и детство: Включает наблюдение за беременными, ведение родов и контроль за здоровьем детей.

5. Реабилитация и паллиативная помощь: Оказание помощи пациентам после тяжелых заболеваний или операций, а также поддержка неизлечимо больных.

Принципы ПМСП

1. Доступность: Медицинская помощь должна быть доступна всем слоям населения независимо от социального статуса и места проживания.

2. Комплексность: ПМСП охватывает широкий спектр услуг: профилактика, диагностика, лечение, реабилитация.

3. Непрерывность: Пациент находится под наблюдением одного и того же медицинского персонала, что позволяет учитывать особенности его здоровья.

4. Семейно-ориентированный подход: Учитываются не только индивидуальные, но и семейные

факторы, влияющие на здоровье.

5. Участие общества: Население активно вовлекается в программы профилактики и охраны здоровья.

ПМСП организуется на уровне:

- Поликлиник
- Фельдшерско-акушерских пунктов (ФАПов)
- Сельских врачебных амбулаторий

Центров семейной медицины Медицинскую помощь оказывают:

- Врачи общей практики (семейные врачи)
- Терапевты
- Педиатры
- Фельдшеры и медсестры

Услуги, предоставляемые ПМСП

Профилактические осмотры и диспансеризация

- Лечение острых и хронических заболеваний
- Вакцинация
- Консультации

по вопросам здоровья

Паллиативная помощь для пациентов с неизлечимыми заболеваниями

Направление к узким специалистам при необходимости

Преимущества ПМСП

1. Близость к населению: ПМСП предоставляет помощь там, где живут и работают люди, что сокращает время на получение медицинских услуг.

2. Экономическая эффективность: Профилактика и раннее лечение заболеваний снижают затраты на дорогостоящее лечение на поздних стадиях.

3. Улучшение качества жизни: Своевременная диагностика и лечение помогают избежать серьезных осложнений.

Первичная медико-санитарная помощь играет ключевую роль в поддержании здоровья общества. Она направлена на то, чтобы каждый человек имел доступ к базовым медицинским услугам, независимо от возраста, социального положения или места жительства. Эффективная система ПМСП является залогом стабильного функционирования всей системы здравоохранения и улучшения качества жизни населения.

**САЙФУЛЛАЕВА МУНАЖАТ
МУРАТЖАНОВНА
ЦПМСП Карнак
Медсестра общей практики**

Қалай дұрыс тамақтану жолдары

Кейде біз өзіміздің қалай тамақтанғанымызға көңіл бөлмеудеміз. Тамақтану адамның өмірлік қажеттілігі болып табылады. Тағам энергия, күш-қуат береді, дамуына ықпал етеді, ал оны дұрыс пайдалана білсе – денсаулықты нығайтады. Адам денсаулығының 70% тамақтануына байланысты екені әлдеқашан дәлелденген. Сонымен қатар тағам көптеген инфекциялық емес созылмалы ауруларға да себепкер болады, сондықтан оның көмегімен аурулардың алдын алуға әрі олардан сауығуға да болады. Қан құрамында холестериннің жоғары болуы, семіздік, тісжиегі, 2-ші типтегі сусамыр, майлық зат алмасудың бұзылуы, гипертония, іш қату, қандағы зәр қышқылды мөлшерінің көптігі немесе подагра – бұлар дұрыс тамақтанбау салдарынан туындаған «өркеніет аурулары» деп аталатындардың толық емес тізімі.

Дұрыс тамақтану және дене кимылының жеткілікті болуы, спортпен айналысу, күйзелістерге ұрынбау және онымен күресе білу, темекі шегу мен маскүнемдіктен бас тарту сияқты салауатты өмір салттарын ұстану арқылы ықтимал аурулардың алдын алуға, денсаулық пен тартымды дене мүсінін сақтауға, әдемі, сымбатты әрі жасаң көрініп, физикалық және рухани тұрғыдан белсенді қалыпты сақтап қалуға болады. Дұрыс тамақтанбау, нәрсіз тағам ағзаның зат алмасу қызметін бұзады, ағзаның түрлі жүйелерінің функционалдық жағдайын өзгертеді, әсіресе балалардың денсаулығы мен дамуына асқазан-ішек аурулары, дәрумендердің артықшылығы мен жетіспеушілігі жағымсыз әсер етеді, балалардың бойы өспей қалады.

Күнделікті өмірде, қауіпсіз тамақтанудың бес маңызды қағидасын сақтаңыз:

- Тазалықты сақтаңыз.
 - Шікі өнімді әзірастан бөлек ұстаңыз.
 - Тамақты жақсылап пісіріңіз.
 - Тағам өнімдерін қауіпсіз температурада сақтаңыз.
 - Таза су мен қауіпсіз шікі азық-түліктерді пайдаланыңыз.
- Дұрыс тамақтану – бұл адам денсаулығының негізі, ол қоршаған ортаның түрлі жағымсыз әсеріне ағзаның төзімділігін арттырады. Өзіміз қолданатын тағам, ағзамыз физикалық жүктемелер кезінде де, тыныштық калпында да жұмсайтын энергия көзі болып табылады. Біздің тініміз бен жасушаларымыздың жаңалуына ықпал етуші де осы. Сондықтан сіз қаншалықты құнарлы тамақтанумен қамтамасыз етілсеңіз ағзаңыз соншалықты тез жаңаланады әрі жасарады. Не үшін дұрыс тамақтану керек? Жүрек-тамыр

аурулары мен асқазан-ішек жолдары ауруларының, сусамырдың, сүйек кемтігі мен обырдың алдын алу үшін. Ұзақ әрі саламатты өмір сүру үшін. Дұрыс тамақтану жөніндегі дәстүрлі классикалық 4 ережесі: Тамақтану тәртібін сақтау. Дұрыс тамақтанудың ең дұрыс тәртібі деп диетологтар күніне 4 рет тамақтануды мойындап отыр. Таңғы, түскі, түс ауа және кешкі тамақтанудың арасындағы ұзақтық 4-5 сағатты құрауы тиіс. Тағам ағзаға қажетті аминқышқылдармен, жартылай қанықтырылмаған майлы қышқылдармен, дәрумендермен, микроэлементтермен, минералды заттармен, сумен қамтамасыз етуі тиіс. Дұрыс тамақтанудың негізгі ережесі мыналар: тамақты әзірлеу тәсілі, тұтыну құрылымы, тағамның қасиеттері, құрамы, дәмі, тағамды тұтыну тәсілдері мен шарттары, қоршаған орта жағдайы мен ағзаның ішкі жай-күйі.

Қалай дұрыс тамақтану керек?

- Қарныңыз ашқан кезде ғана тамақтаныңыз.

- Тек отырған күйде тамақтаныңыз.

- Асықпай әрі тамақты мұқият шайнап жеңіз.

- Тағамды аузыңызға шағын порциялармен салыңыз.

- Көңіл-күйіңіз қалыпты болған кезде тамақтаныңыз.

- Тамақтану барысында ойыңызды тек тағамды қабылдау шарасына ғана шоғырланңыз.

- Тағамды жиі жеменіз, өйткені бұрын желінген ас қорытылуы тиіс, тамақтанудың арасы 4 сағаттан кем болмауы тиіс.

- Бір рет тамақтану барысында 4 түрлі тағамнан артық жеменіз.

- Тамақтанып бола сала су мен сусын ішпеңіз.

- Негізгі – көлемі жағынан ең ауқымды тамақтану түсігі ас кезінде болуы тиіс.

Қандай тағамды пайдалануға болады? – сілтілі тағам көбірек болуы тиіс.

- Өмірлік қуат беретін тағамдарды көбірек қолданыңыз.

- Құрамында хлорофилл бар, тірі тағамды пайдаланыңыз.

- Нәруызға өте бай тағамды азырақ пайдаланыңыз, өйткені 20 жастан асқан ересек адам үшін күнге қажетті нәруыз мөлшері салмағының әр килограммы үшін 1 грамды ғана құрайды.

- Тағамды өзіңіздің жеке ас қорыту қабылетіңізге қарай танданыңыз.

- Суды жеткілікті мөлшерде ішіңіз: суық кезде ең азы 1,5 литр және 2,5 литр – ыстық кезде.

Есте сақтаңыз! Өз денсаулығыңыз өз қолыңызда! Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі

**А. БЕКЖИГИТОВА
С. БАЛХИБЕКОВА**

Қант диабетінің алдын алу жолдары

Қант диабеті – әлем бойынша таралуы жоғары созылмалы аурулардың бірі. Ол денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіреді және асқину қаупі жоғары. Дегенмен, қант диабетінің алдын алуға болады.

Диабет (лат. diabetes mellitus) — бұл қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дерт.

Бұл аурумен жас та, кемел жастағылар да, кәрі де ауырады. Әсіресе жасөспірім кездегі диабет ауруы өте қиын, мұндай жаста диабетпен ауырғандарға арнаулы дәрі (инсулин) қолдану ұсынылады.

Қант диабеті - көмірсутек, май, ақуыздың зат алмасуының созылмалы бұзылуы, яғни қанға көп мөлшерде қант түйіршегінің бөлінуі болып табылады. Диабет инсулиннің асқазан асты безінен жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі салдарынан басталады. Инсулинсіз ағза қант түйіршегін өңдей алмайды. Соның салдарынан қанның құрамында қант мөлшері артады.

Төменде аурудың алдын алу үшін ұстануға болатын негізгі қағидалар көрсетілген.

1. Дұрыс тамақтану

- Көмірсуға бай тағамдарды шектеу: Ақ нан, тәттілер, газды сусындар сияқты тез қорытылатын көмірсулар қандағы қант деңгейін көтереді.
- Талшықты тағамдарды көбейту: Көкөністер, жемістер, тұтас дәнді дақылдар, бұршақ тұқымдастар қандағы қантты тұрақтандыруға көмектеседі.
- Майларды шектеу: Трансмайлар мен қаныққан майларды азайтып, пайдалы майларға (зәйтүн майы, авокадо, жаңғақ) көшу қажет.

2. Белсенді өмір салтын ұстану

- Тұрақты физикалық жаттығулар: Жаяу жүру, жүгіру, жүзу, велосипед тебу сияқты белсенділіктер қандағы қант деңгейін төмендетеді және дене салмағын бақылауға көмектеседі. Аптасына кемінде 150 минут физикалық белсенділік қажет.
- Отырықшы өмірден аулақ болу: Ұзақ уақыт қозғалыссыз отыру инсулинге сезімталдықты төмендетуі мүмкін.

3. Дене салмағын бақылау

Артық салмақ қант диабетінің дамуына себеп болуы мүмкін. Дене салмағын тұрақты бақылап, дене массасының индексін (ДМИ) нормада ұстап тұру маңызды.

4. Қан қысымы мен холестерин деңгейін бақылау

Қан қысымының жоғары болуы және холестериннің көбеюі жүрек-қан тамырлары ауруларына, соның ішінде диабетке де әкелуі мүмкін. Тұзды азайту, дұрыс тамақтану және тұрақты жаттығу бұл көрсеткіштерді бақылауға көмектеседі.

5. Зиянды әдеттерден бас тарту

- Шылым шегуден бас тарту: Темекі шегу диабетке шалдығу қаупін арттырады.
- Алкогольді шектеу: Алкогольді мөлшерден тыс пайдалану бауырдың қызметін бұзып, диабет қаупін арттырады.

6. Тұқым қуалаушылыққа назар аудару

Егер отбасыңызда қант диабетімен ауыратын адамдар болса, сізде де бұл аурудың даму қаупі жоғары болуы мүмкін. Сондықтан қандағы қант деңгейін жиі тексеріп, дәрігердің кеңесін алу қажет.

7. Стресті басқару

Созылмалы стресс ағзадағы гормоналды өзгерістерге әкеліп, қант диабетінің пайда болу қаупін арттыруы мүмкін. Медитация, йога, тыныс алу жаттығулары және уақытты тиімді басқару стресс деңгейін төмендетеді.

Қант диабетінің алдын алу – салауатты өмір салтын ұстанудан басталады. Дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, зиянды әдеттерден бас тарту және денсаулықты тұрақты тексеру бұл аурудың пайда болу қаупін едәуір азайтады. Өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараңыз, сонда ұзақ және белсенді өмір сүру мүмкіндігі артады.

Тауасарова Жансая
Исаева Наргиза.
Сабирова Зиёда.

Кентау қалалық орталық ауруханасының
терапия бөлімінің медбикелері.

Общая характеристика желтух новорожденных

Желтуха новорожденных — это состояние, при котором у новорожденных появляется желтоватый оттенок кожи и слизистых оболочек. Оно вызвано повышением уровня билирубина в крови, что является нормальным физиологическим процессом, но иногда может свидетельствовать о патологии.

В последние годы гипербилирубинемия у новорожденных все чаще протекает с высоким уровнем билирубина в сыворотке крови и принимает затяжное течение. Причиной этого называют ухудшение здоровья женщин, увеличение частоты патологических родов, инфицирование плода во время беременности, низкий уровень здоровья самого новорожденного и других неблагоприятных факторов.

Желтуха — это синдром, обусловленный накоплением в крови и тканях организма билирубина как прямого, так и непрямого, что приводит к желтушному окрашиванию кожи, слизистых и склер.

Классификация желтух новорожденных

Желтухи делятся на два основных типа:

1. Физиологическая желтуха
2. Патологическая желтуха

1. Физиологическая желтуха

Это наиболее распространенный тип, который встречается у 60-70% доношенных и почти у всех недоношенных детей. Она возникает из-за незрелости ферментных систем печени, что затрудняет выведение билирубина.

Особенности физиологической желтухи:

- Возникает на 2-3 день после рождения.
- Достигает пика на 4-5 день и постепенно снижается к 7-10 дню у доношенных детей. У недоношенных может длиться до 2-3 недель.
- Общее состояние ребенка не нарушено.

2. Патологическая желтуха

Этот вид желтухи может быть вызван различными заболеваниями и требует срочного медицинского вмешательства.

Причины патологической желтухи:

- Гемолитическая болезнь новорожденных (несовместимость по группе крови или резус-фактору).
- Инфекционные заболевания (внутриутробные и инфекционные).
- Нарушения в работе печени (гепатиты, атрезия желчных путей).
- Генетические заболевания (синдром Криглера-

Найяра, синдром Гилберта).

Признаки патологической желтухи:

- Появление в первые 24 часа после рождения или позже 2 недель.
- Уровень билирубина значительно превышает норму.
- Сопровождается вялостью, снижением аппетита, нарушением рефлексов.
- Возможны изменения цвета мочи (темная) и кала (светлый).

Диагностика

Для диагностики желтухи используются:

- Клинический осмотр (оценка окраски кожи и слизистых).
- Лабораторные анализы (уровень билирубина, общий анализ крови, печеночные пробы).
- Инструментальные методы (УЗИ печени и желчевыводящих путей).

Лечение

Физиологическая желтуха обычно не требует лечения и проходит самостоятельно. Однако для ускорения снижения билирубина может использоваться:

- Фототерапия — облучение специальными лампами, которое способствует разрушению билирубина.
- Увеличение частоты кормлений для улучшения работы ЖКТ.

Патологическая желтуха требует более сложного лечения:

- Лекарственная терапия (гепатопротекторы, витамины).
- Обменное переливание крови при тяжелых формах.
- Лечение основного заболевания (например, антибиотики при инфекциях).

Профилактика

Правильное ведение беременности и своевременное выявление резус-конфликта.

- Раннее прикладывание к груди и частое кормление.
- Наблюдение за состоянием ребенка в первые дни после рождения.

Желтуха новорожденных — это распространенное состояние, которое в большинстве случаев носит физиологический характер и не требует специального лечения. Однако важно вовремя выявить патологические формы желтухи, чтобы избежать серьезных осложнений, таких как билирубиновая энцефалопатия. Регулярное наблюдение у врача и своевременное обследование помогут обеспечить здоровье новорожденного.

Хакимова Зулфия Немьатовна
ЦПМСП Карнак ФАП Шоштобе
Медсестра общей практики

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2024 жылдың 11 айында атқарылған жұмыстар

Кентау қалалық ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі филиалында 2024 жылдың 11 айында мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша барлығы 33 атқарушылық іс сомасы 944 182 203 теңге қозғалған. Аталған санаттағы атқарушылық істердің 2024 жылдың 11 айында 31 атқарушылық іс сомасы 905 330 313 теңге аяқталған. Қазіргі таңға мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2 атқарушылық іс сомасы 38 851 890 теңге қалдыққа өтіп орындау барысында.

Қосымша. Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттық негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін түсіндіру ақпараты.

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі болып есептеледі. Мемлекеттік қызметті атқарушылық іс - әрекеттердің жасалу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді. Жеке немесе заңды тұлға- көрсетілетін қызметті алушы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін мемлекеттік сот орындаушылары бөліміне өзіне қатысты атқару құжатын мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай өтініш қалдырып өткізуге құқылы. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8- тармағында белгіленген өтінішті және құжаттарды: көрсетілетін қызметті беруші; "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; портал арқылы жолдауға құқылы екенін хабарлаймыз.

С.АХАТАЕВ

Кентау қалалық ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысы

Білім мекемелерін цифрландыру жұмысы күшейтілді

Түркістан облысында білім саласы бойынша оқушылардың қажеттіліктерін сапалы әрі уақтылы үйлестіру және мемлекет қаржысын мақсатты пайдалану үшін саланы цифрландыру жұмысы күшейе түсті. Аталған бағыттағы жұмыстар Түркістан облысы әкімі аппаратының апталық мәжілісінде талқыланды.

– Өңірдегі балабақшалар, мектептер және колледждер толық цифрландыруға өтуі тиіс. Бақылау, талап күшейтіледі. Студенттері оқуға келмейтін, оқу процесін үйлестіре алмайтын колледж басшыларын ауыстыру мәселесін қарастырыңыздар. Оқушылардың мектепке келуін, мектеп асханасының жұмысын қадағалауды цифрландыру бойынша ортақ бір жүйені қолданып, оны жауапты басқармаға интеграциялау қажет, – деген Дархан Сатыбалды тиісті басқарма басшыларына ицфрландыру ісін бірлесе атқару жөнінде тапсырмалар берді.

Мәжілісте Облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жандос Маханбетов, Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Марат Айнабеков баяндама жасады.

2024 жылдың соңына дейін мемлекеттік-жекешелік әріптестікке берілген 458 мектеп (420 мектеп, 38 мектеп-интернат) асханасының 210-ына ақпараттық бағдарламалық комплекс (АБК) орнатылып, «Әлеуметтік әмиян» жобасымен толық интеграция жасалады. Қалған 248-і «Бизнес әмиян» жүйесіне енгізіледі. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап, 2 ай мерзімде оларға АБК орнатылып, интеграция жасалмақ. Одан басқа 457 мектепке «Бизнес әмиян» енгізу жұмыстары жүруде.

Облыстағы мемлекеттік 264 мемлекеттік балабақшада балаларды түгелдеу функциясын атқаратын арнайы құралдар мен камералар орнатылуда. 2025 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс алатын облыстағы 1119 жекеменшік балабақшаға да «Сана» жүйесі құрылтайшылар есебінен орнатылып, басқармамен интеграциаланады. Түркістан қаласындағы 145 балабақшаның 139-ы ваучерлік қаржыландыруға келісімдерін берді. Қалғандарына түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар облыстағы мемлекеттік тапсырыс қабылдап отырған 43 колледжде де Face ID жүйесі орнатылып, басқармамен интеграциаланады деп жоспарланған.

Аппарат мәжілісінде Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Қайрат Елібаевтың есебі тыңдалды. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша өңірде жалпы бюджетке 218,6 млрд. теңге салықтар мен басқа да түсімдер түсіп, жоспар 101,7%-ға орындалған. Түсімді молайтпаған және бюджетті тиімді игермеген аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларына жұмысты ширату туралы тапсырмалар берілді.

Патронаж новорожденного: Зачем он нужен и как проводится?

Патронаж новорожденного — это система наблюдения за состоянием здоровья ребенка и его матери в первые недели после родов. Он проводится медицинскими работниками на дому, что создает комфортные условия для всей семьи и позволяет вовремя выявить возможные проблемы.

Цели и задачи патронажа

Основная цель патронажа — обеспечить здоровый старт жизни для новорожденного и поддержать мать в послеродовом периоде.

К основным задачам патронажа относятся:

- Оценка состояния здоровья новорожденного:
 - Контроль массы тела, роста, температуры.
 - Проверка состояния кожи, пупочной ранки, слизистых оболочек.
 - Выявление возможных врожденных аномалий или отклонений в развитии.
- Поддержка грудного вскармливания:
 - Консультации по правильному прикладыванию к груди.
 - Рекомендации по питанию и уходу за кормящей матерью.
- Оценка условий жизни ребенка:
 - Медицинский работник проверяет, насколько жилищные условия соответствуют требованиям гигиены и безопасности.
- Обучение родителей уходу за ребенком:
 - Правила купания, пеленания, ухода за кожей.
 - Информация о профилактике колик, опрелостей и других распространенных проблем.
- Поддержка матери:
 - Контроль за физическим и эмоциональным состоянием женщины.
 - Рекомендации по восстановлению после родов и профилактике послеродовой депрессии.

Почему патронаж проводится на дому?

Проведение патронажа на дому имеет ряд преимуществ:

- Комфортная обстановка: Для матери и ребенка дом является наиболее удобным местом. Ребенок находится в знакомой среде, а мама может кормить и успокаивать малыша в привычной обстановке.
- Снижение стресса: Все члены семьи чувствуют себя спокойнее, что особенно важно в первые дни после рождения ребенка.
- Укрепление иммунитета ребенка: Грудничок получает «семейную» микрофлору, что подготавливает его организм к встрече с внешними микроорганизмами и укрепляет его иммунитет.

Как проводится патронаж?

Патронаж осуществляется медсестрой или врачом педиатром в несколько этапов:

- Первый визит:
 - Проводится в первые 3-7 дней после выписки из роддома. Медицинский работник оценивает состояние ребенка и матери, дает рекомендации по уходу.
- Последующие визиты:
 - Количество визитов зависит от состояния здоровья ребенка и особенностей семьи. Обычно патронаж проводится в течение первого месяца жизни малыша.
- Заключительный визит:
 - Подводятся итоги первого месяца, даются дальнейшие рекомендации по наблюдению и вакцинации.

Роль патронажа в здоровье новорожденного

Патронаж является важной частью первичной медико-санитарной помощи. Он позволяет:

- Выявить и предотвратить возможные заболевания на ранней стадии.
- Сформировать у родителей правильное отношение к здоровью ребенка.
- Снизить риск осложнений благодаря своевременным рекомендациям и поддержке.

Патронаж новорожденного — это неотъемлемая часть системы здравоохранения, направленная на охрану здоровья матери и ребенка в самый важный период их жизни. Проведение патронажа на дому делает его более комфортным и эффективным, создавая условия для гармоничного развития малыша и эмоционального благополучия семьи.

Паттаева Гулчехра Унгарбаевна,
ЦПМСП Карнак,
Медсестра общей практики

«Жемқорлық- қоғамның дамуына төнген қауіп»

Жемқорлық – кез келген мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылығына үлкен қауіп төндіретін күрделі мәселе. Бұл құбылыс заңсыз әрекеттер арқылы жеке пайда табуға бағытталған билікті немесе лауазымды қызметті теріс пайдалану. Жемқорлық тек мемлекеттік органдарда ғана емес тағы басқа салаларда кездеседі.

Жемқорлықтың туындауына бірнеше фактор әсер етеді: Экономикалық тұрақсыздық; Жалақының төмендігі немесе өмір сүру деңгейінің төмендігі кейбір адамдарды заңсыз әрекеттерге итермелейді.

Бақылаудың әлсіздігі: Мемлекеттік органдардағы бақылау механизмдерінің жетілмегендігі жемқорлықтың өршуіне ықпал етеді.

Қоғамдық сана: Қоғамда жемқорлыққа төзімділік таныту немесе оны «қалыпты құбылыс» ретінде қабылдау мәселені терендетеді.

Жемқорлықпен күрес жолдары: Жемқорлықты жою – бұл ұзақ мерзімді және жүйелі жұмыс. Төмендегі шаралар жемқорлықтың

алдын алуға ықпал ете алады: Мемлекеттік ашықтықты қамтамасыз ету: Мемлекеттік мекемелердің қызметі ашық және қолжетімді болуы керек. Цифрлық технологияларды енгізу: Электрондық үкімет, онлайн-төлемдер жүйесі жемқорлықтың алдын алады.

Қоғамдық бақылау: Азаматтық қоғамның жемқорлықпен күреске қатысуы маңызды. Жемқорлық фактілерін ашу, журналистік зерттеулер жүргізу қажет.

Сананы өзгерту: Жастарға адалдық, әділдік құндылықтарын насихаттау арқылы болашақта жемқорлық деңгейін азайтуға болады. Жемқорлық – қоғамның барлық деңгейлерінде назар аударуды қажет ететін күрделі мәселе. Әрбір азамат жемқорлықпен күресте өзінің үлесін қосуы тиіс. Адалдық пен әділеттілік қоғамымыздың негізіне айналған кезде ғана біз дамыған және өркениетті ел бола аламыз.

АТАЖАНОВА НАРГИЗА
Қарнак ауылдық №4 кітапхана-филиалының кітапханашысы

Бауыр циррозы

Бауыр циррозы – бұл бауыр жасушаларының өліп, олардың орнын тыртықты тіндер алмастыратын ауыр әрі қауіпті ауру. Бұл дерттің негізгі себебі – ұзақ уақыт бойы бауырға зақым келтіретін факторлар. Циррозды емдеуден гөрі, оның алдын алу әлдеқайда тиімді. Бауырды қорғау және цирроздан сақтану үшін төмендегі шараларды ұстанған жөн.

1. Алкогольден бас тарту немесе шектеу
Алкоголь – бауыр циррозының басты себептерінің бірі. Ұзақ уақыт бойы алкогольді мөлшерден тыс тұтыну бауыр жасушаларын бұзып, олардың қалпына келуін тежейді.

2. Гепатит вирустарынан қорғану
Гепатит В және С вирустары бауыр циррозының тағы бір жиі кездесетін себебі болып табылады. Бұл вирустардан сақтану үшін:

- Гепатит В-ге қарсы екпе алу;
- Жеке гигиена құралдарын (триммер, ұстара, тіс щеткасы) басқалармен бөліспеу;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтау (мысалы, стерильді құралдарды қолдану);
- Қауіпсіз жыныстық қатынас ережелерін сақтау қажет.

3. Дұрыс тамақтану
Бауырды қорғайтын негізгі ережелердің бірі – салауатты және теңгерімді тамақтану.

- Майлы тағамдарды шектеу: Қаныққан майларды көп тұтыну бауырға ауырлық түсіреді.
- Жеміс-көкөністерді көбейту: Олар бауырды зиянды заттардан тазартатын антиоксиданттарға бай.
- Тұзды азайту: Тұзды

шамадан тыс тұтыну бауырдағы сұйықтықты ұстап қалуы мүмкін.

4. Зиянды әдеттерден аулақ болу
Темекі шегу бауырға зиянды заттардың жиналуына әсер етеді. Есірткі заттарды қолдану гепатит вирустарын жұқтыру қауіпін арттырады.

5. Химиялық заттардан сақтану
Үй шаруашылығында қолданылатын кейбір химиялық заттар (пестицидтер, бояулар, еріткіштер) бауыр жасушаларына зиян тигізуі мүмкін. Оларды қолданғанда, қорғаныс құралдарын пайдалану қажет.

6. Артық дәрі-дәрмектерден сақ болу
Кейбір дәрілер мен қоспалар бауырға уытты әсер етуі мүмкін. Сондықтан дәрі-дәрмектерді дәрігердің тағайындауымен ғана қабылдаңыз.

Бауыр қызметінің бұзылуын ерте анықтау үшін медициналық тексерулерден уақытылы өту қажет. Әсіресе, бауыр ауруына бейім адамдарға (алкогольді жиі тұтынатындар, артық салмақтан зардап шегетіндер) бұл өте маңызды.

Бауыр – ағзаның ең маңызды мүшелерінің бірі, ол барлық зиянды заттарды сүзгіден өткізіп, ағзаны уланудан сақтайды. Цирроздың алдын алу – өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараудың бір көрінісі. Салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден бас тартсаңыз, бауыр ауруларынан алыс болып, ұзақ әрі сапалы өмір сүре аласыз.

МАХМУДОВА ХУЛҚАР
МАХМУДОВНА
Кентау қалалық орталық аурухана қабылдау бөлімі мейірбикесі

Диспансеризация

Основная цель диспансеризации — выявление заболеваний на ранних стадиях, когда их лечение наиболее эффективно. Также она помогает оценить общее состояние здоровья, выявить факторы риска и разработать индивидуальные рекомендации по здоровому образу жизни.

К основным задачам диспансеризации относятся:

- Раннее выявление хронических заболеваний (сердечно-сосудистых, онкологических, сахарного диабета и др.);
- Оценка факторов риска (курение, алкоголь, ожирение, гиподинамия);
- Профилактика обострений и осложнений у людей с хроническими заболеваниями;
- Повышение информированности населения о здоровом образе жизни.

Кто проходит диспансеризацию?
Диспансеризация проводится для людей всех возрастов.

- Дети и подростки проходят ее для оценки физического и психического развития.
- Взрослые — с целью профилактики хронических заболеваний и контроля факторов риска.

Этапы диспансеризации

1. Первичный этап:

- Анкетирование (сбор данных о жалобах, образе жизни).
- Обследование: анализы крови, мочи,

измерение артериального давления, ЭКГ, флюорография, маммография (для женщин).

- Осмотр врачей (терапевт, стоматолог, офтальмолог и др. по показаниям).
- Второй этап (при необходимости): углубленные обследования и консультации узких специалистов (кардиолог, эндокринолог, онколог).

Преимущества диспансеризации

- Раннее выявление болезней позволяет избежать серьезных осложнений.
- Снижение уровня смертности от хронических и онкологических заболеваний.
- Повышение качества жизни за счет своевременного лечения и профилактики.

Регулярная диспансеризация — важная часть заботы о своем здоровье. Она позволяет вовремя выявить скрытые заболевания и предотвратить их развитие. Это не только улучшает здоровье, но и помогает снизить расходы на лечение в будущем. Поэтому стоит относиться к диспансеризации ответственно и проходить ее в установленное время.

Абдураимова Санобар Асановна
ЦПМСП Карнак. Медсестра общей практики.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай да іс – қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері керек. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Ж. ИБРАГИМОВ
Түркістан қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

Серіктестік босану

Серіктестік босану – бұл әйелдің босану кезінде қасында жақын адамының (жұбайы, анасы, әпкесі, құрбысы немесе арнайы доула) болуы. Мұндай әдістің негізгі мақсаты – босанатын әйелге психологиялық қолдау көрсету, оның өзін қауіпсіз сезінуіне және стрессті азайтуға көмектесу.

Серіктестік босанудың артықшылықтары

1. Эмоциялық қолдау Жақын адамның жанында болуы әйелге сенімділік береді. Эмоциялық байланыс пен қолдау босану кезіндегі қорқыныш пен күйзелісті жеңілдетеді.

2. Ауырсынуды азайту Серіктестің қолдауы әйелдің бойындағы стресс гормондарының деңгейін төмендетеді, бұл өз кезегінде ауырсынуды жеңілдетуге әсер етеді.

3. Әкенің белсенді қатысуы Ер адамдар үшін бұл сәт отбасының маңызды оқиғасына қатысу мүмкіндігі. Босануға қатысу арқылы әке балаға деген байланысын алғашқы минуттардан бастап нығайта алады.

4. Медицина қызметкерлерімен байланыс орнату Серіктестің медицина қызметкерлері мен босанушы әйел арасындағы делдал бола алады. Бұл босану процесінің әйелдің қалауы бойынша өтуіне ықпал етеді.

Серіктестік босануға қалай дайындалу керек?

1. Арнайы дайындық курстарынан өту Серіктестерге арналған курстар тыныс алу жаттығулары, массаж техникасы және босануды

жеңілдету тәсілдерін үйретеді.

2. Дәрігермен кеңесу Серіктестік босануды жоспарламас бұрын, дәрігермен және перзентхана қызметкерлерімен кеңесу қажет. Кейбір мекемелер қосымша талаптар қояды.

3. Психологиялық дайындық Серіктестік босану процесінің барлық физиологиялық және эмоциялық аспектілеріне дайын болуы керек.

4. Қажетті заттарды жинау Серіктестің ыңғайлы киім, су, жеңіл тамақ және қажет болса, суретке немесе видеоға түсіру құрылғысын алу ұсынылады.

Қазақстанда серіктестік босану біртіндеп танымал болуда. Көптеген перзентханаларда жақын адамының қатысуына жағдай жасалған. Бірақ серіктестің флюорографиясының болуы, алдын ала келісім және арнайы нұсқаулықтан өту сияқты талаптар жиі қойылады.

Психологиялық дайындықтың болмауы Кейбір адамдар босану кезіндегі жағдайларды көру кезінде күйзеліс немесе абыржу сезінуі мүмкін.

Серіктестік босану – бұл ана мен баланың денсаулығын бірінші орынға қойып, отбасылық байланысты нығайтудың тамаша тәсілі. Мұндай тәжірибе босану сәтін жағымды әрі есте қаларлық оқиғаға айналдыра алады.

Амедова Феруза Абубакировна,
Маматраимова Феруза
Сабировна,
Кентау қаласының орталық
ауруханасы,
Перзентхана бөлімінің
акушеркалары.

Карантиндік арамшөптердің ауыл шаруашылық дақылдарына келтіретін зияны және олармен күрес шаралары

Түркістан қаласы мәдени егіншілікпен ежелден айналысып келеді. Егілген әрбір дақылдан мол өнім алу үшін агротехникалық шараларды және ауыспалы егісті қолданудың маңызы айрықша. Осы шараларды дер кезінде қолданумен бірге мәдени өсімдіктерде кездесетін арамшөптермен күресу және оларды дер кезінде танаптардан жою мол өнім алудың кепілі. Арамшөптер өте өсімтал келеді. Мысалы: кейбір арамшөптердің бір өсімдігі 500мың түйірге дейін 1 маусымда тұқым шашады. Сол сияқты, арамшөптердің тұқымы топырақта ұзақ жатсада өзінің өсіп - өну қабілетін сақтайды. Мәселен, кейбір арамшөптердің тұқымдары 40-50 жыл жатсада өлмейді. Арамшөптер мәдени өсімдіктерге қарағанда ылғалды әлдеқайда көп жұмсайды. Сондықтан, арамшөптермен күрес ылғал үшін күрес. Кейбір аса қауіпті арамшөптерге қарсы мемлекет көлемінде карантиндік шаралар жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде біздің елімізде екі түрлі сыртқы және ішкі карантиндік бар. Сыртқы карантиндік арамшөптерге жусан жапырақты ойран шөп, калифорниялық және сызық жапырақты алқа және т.б. жатады.

Сыртқы карантин қызметінің негізгі міндеті осы аталған арамшөптердің біздің елімізде таралмауын қадағалау. Ішкі карантиндік арамшөптерге жусан жапырақты, үш бөлімді және көп жылдық ойран шөптер, қызғылт кекіре, дала арамсоюының барлық түрлері; сарышырмауық алқа т.б. жатады. Ішкі карантин қызметінің негізгі міндеті- аталған карантиндік арамшөптердің еліміздің ішінде бір аймақтан екінші аймаққа таралуына жол бермеу. Сондықтан, біздің басты міндетіміз карантиндік арамшөпті көрген бойда басқа жаққа таралуына жол берместен және де ұрықтануға жеткізбестен жойып отыру. Біздің ауданымызда кездесетін арамшөп сарышырмауық және жатаған у кекіре. Сарышырмауықтың екі түрі бар. Бірі сояұлы, ал екіншісі майда болып келеді. Сояұлы яғни арамсоюу көбінесе қаратал, жеміс ағаштарында болса майда сарышырмауық жоңышқа, көкөністерде кездеседі. Бұл арамшөптер 60С ыстықта өсуін тоқтатады. Сол себепті арамшөпті орып алып өртеп, немесе арнайы улы химикат қолдану арқылы жою керек. Қорытып айтқанда, арамшөптерді жою- болашағы зор шаралардың бірі.

Ж. ЖАҚСЫЛЫҚ
ҚР АШМ АӨК МИК Түркістан қалалық
аумақтық инспекциясының бас – маман өсімдіктер
карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Скрининг

Скрининг — это метод профилактической медицины, направленный на раннее выявление заболеваний или предрасположенности к ним у людей, которые не имеют явных симптомов. Цель скрининга — обнаружить болезнь на ранних стадиях, когда лечение наиболее эффективно, а также снизить риск осложнений и смертности.

Основные задачи скрининга

1. Раннее обнаружение заболеваний: Скрининг позволяет выявлять болезни до появления первых симптомов, что значительно повышает шансы на успешное лечение.

2. Снижение заболеваемости и смертности: Раннее вмешательство позволяет предотвратить развитие тяжелых форм заболеваний.

3. Повышение качества жизни: Лечение на ранних стадиях позволяет сохранить здоровье и трудоспособность.

Типы скринингов

Скрининги могут быть организованы для различных групп населения в зависимости от возраста, пола и факторов риска. Основные виды скринингов включают:

1. Неонатальный скрининг Проводится для новорожденных с целью выявления врожденных заболеваний, таких как:

- Фенилкетонурия
- Гипотиреоз
- Муковисцидоз

2. Онкологический скрининг Направлен на раннюю диагностику онкологических заболеваний, например:

- Маммография для

выявления рака груди у женщин. Пап-тест (цитологический мазок) для выявления рака шейки матки.

• Колоноскопия для выявления колоректального рака.

3. С к р и н и н г Оценивает риск развития сердечно-сосудистых заболеваний сердца и сосудов путем контроля:

- Артериального давления
- Уровня холестерина
- Глюкозы в крови

4. Скрининг на сахарный диабет Проводится путем измерения уровня глюкозы в крови, особенно у людей с факторами риска, такими как ожирение или наследственная предрасположенность.

5. Скрининг беременных Включает обследования, направленные на выявление возможных патологий у матери и плода (УЗИ, тесты на генетические аномалии).

Этапы проведения скрининга

1. Идентификация группы риска Определение людей, которым рекомендуется пройти скрининг, на основе возраста, пола, семейной истории и других факторов.

2. Проведение тестов Выполняются диагностические исследования, такие как анализы крови, ультразвуковое обследование или другие процедуры.

3. Оценка результатов Врачи анализируют полученные данные и, при необходимости, направляют пациента на дальнейшие исследования или лечение.

4. Диспансерное наблюдение

Люди с выявленными заболеваниями или факторами риска ставятся на учет для регулярного контроля.

Преимущества скрининга

• Своевременность: выявление заболеваний на доклинической стадии.

• Доступность: массовый скринингов позволяет охватить значительную часть населения.

• Экономичность: профилактика и раннее лечение обходятся дешевле, чем лечение запущенных форм заболеваний.

Ограничения скрининга

Несмотря на очевидные преимущества, скрининг имеет свои ограничения:

• Возможность ложноположительных и ложноотрицательных результатов.

• Необходимость дополнительных обследований при сомнительных результатах.

• Психологический стресс для пациентов, особенно в случае ложных тревог.

Скрининг — это важный инструмент профилактической медицины, который позволяет значительно снизить бремя заболеваний в обществе. Регулярные обследования помогают сохранить здоровье, своевременно выявить опасные патологии и повысить качество жизни. Важно помнить, что скрининг — это не разовая процедура, а системный подход к заботе о здоровье, который требует осознанного участия каждого человека.

Бегметова Дилноза Нематжановна
ЦПМСП Карнак,
Медсестра общей практики

Хабарландыру

Құрметті тұрғындар!

«Мирас Байкен» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Түркістан облысындағы Баялдыр қалдыққоймасының техногендік минералды түзілімдердің тау-кен жұмыстары қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттардың материалдары Кен өндіру алаңының ауданы 1 000,9 га құрайды. Координаттар: 1. 48°30'00" , 68°26'00"; 2. 48°32'00" , 68°26'00"; 3. 48°32'00" ; 68°28'00" ; 4. 48°30'00" , 68°28'00" .

Қоғамдық тыңдаулар 21.01.2025 сағат 10.00-де Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау Ғ.А., Кентау қаласы, Тәжібетов көшесі, 46 а 1 қабат, конференц-зал

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция).

Конференция: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> Идентификатор: 616 540 8596 Код : 123456

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8(7253)33659. Электрондық мекен-жайы: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Мирас Байкен» ЖШС Алматы қ., Тимирязев к. 37, тел: 7 (777) 414-90-10, E-mail: asadykova@mccg-kaz.com, БСН 180640004366.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «LegalEcologyConcept» ЖШС, Әскемен қ., 070002, М. Горького 21.к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

Объявление

Уважаемые жители!

ТОО «Мирас Байкен» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: Материалы документов для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану горных работ техногенного минерального образований Баялдырского хвостохранилища в Туркестанской области».

Площадь участка ведения горных работ составляет – 1 000,9га. Координаты: 1. 48°30'00" , 68°26'00"; 2. 48°32'00" , 68°26'00"; 3. 48°32'00" ; 68°28'00"; 4. 48°30'00" , 68°28'00" .

Общественные слушания состоятся 21.01.2025 года в 10.00 часов по адресу: Республика Казахстан, Туркестанская область, Кентау Ғ.А., г.Кентау, улица Тажимбетова, 46 а, 1-ый этаж, конференц зал.

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM).

Войти Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» e-priroda.gov.kz в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Туркестан, Микрорайон Жаңа Қала, улица 32, здание 20 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», тел.: 8(7253)33659. Электронный адрес: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Мирас Байкен» г.Алматы, ул. Тимирязева 37. Тел: 7 (777) 414-90-10 E-mail: asadykova@mccg-kaz.com БИН 180640004366.

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: toolec21@gmail.com и тел: +7 (777) 414-90-10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қаратау тәжі» газеті 01.01.2025 жылдан бастап басылымын тоқтытып, жабылатындығын хабардар етеміз.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Бабаханов Фариддин Идрисұлының атына берілген ВАЗ 21060 маркалы автокөліктің 706 АЖС 13 мемлекеттік нөмер белгісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Юлдашева Гульнора Жумадуллаевнаның атына берілген Кентау қаласы, Қарнақ ауылы, Дуом тума 2 учаскесі, 2 көшесі 59 А мекенжайы бойынша тіркелген кадастерлік №19-304-006-2679 мемлекеттік АКТ-тың жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Кентау қаласының әкімдігіне қарасты Hyundai NF Sonata маркалы автокөліктің 966 АХ 13 мемлекеттік нөмер белгісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

Акжанова Анаркульдің 14.07.2020 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, ғимарат 332 мекенжайда орналасқан нотариус Тулегенова Баян Назаровнаға жолығуына болады.

Бегалиев Тургын Мамеджановичтің 14.10.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау к/сы, Абай 11 мекенжайында орналасқан нотариус Индира Стамкуловаға жолығуына болады.

Алимова Кумридің 27.11.2006 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы Тәуке хан көшесі №308 мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Раметова Гулхаё Мамадраимовнаға жолығуына болады.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью Фраер Людмилы Анатольевны, умершей 29.11.2024 года открылось наследственное дело. Всех наследников просим обратиться к нотариусу Г.Ахмедовой, по адресу: г Кентау, пр. Ясави 96.

Құрылтайшысы - "Еркін и К-XXI" ЖШС,

Бас редактор міндетін атқарушы- Несібелі Пернебекқызы тел: 8 702 551 50 34

Аймақтық тілші - М. ХОЖАМУРАТОВ - Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда облыстары. тел: 3-02-12, 8 701 9128067. Баспагер - Х.Исмаилова

Редакцияның мекенжайы: Жамбыл көшесі 7-үй. Телефондары: Тел/факс: 8 (72536) 3-51-12, 3-11-87. Электрондық пошта: e-mail: k-t-gazet@mail.ru типография поштасы: erkinxxi@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылдың 28 қаңтарында қайта тіркелді. Куәлік № 5694-Г. Газет "Еркін и К-XXI" ЖШС басылды. Автордың макалалары, үндеулері, ашық хаттары, көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді. Баспахана мекенжайы: 160400 Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 7-үй.

Жарнама мәтініне несі жауапты. ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ - 65095. Тапсырыс № 764 Таралымы - 703 Қолжазбалар қайтарылмайды.